

Түркістан облысының білім беру ұйымдарына және физикалық-географиялық объектісіне атау беру және атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 76 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 10 жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Дінмұхамед Қонаевтың есімі берілсін.

2. Мыналардың:

1) Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 43 "Қызыл таң" жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атауы Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Мыңжасар Маңғытаев атындағы жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Түркістан облысы Сауран ауданы Ескі Иқан және Жаңа Иқан ауылдық округтері аумағында орналасқан "Шошқакөл" көлінің атауы "Жетікөл" көлі болып өзгертілсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Ә. Смайылов